

Ең алдымен, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажет. Экономикалық саясатымыздың мақсаты – айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту. Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық. Яғни, бұл – өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер.

**Мемлекет басшысы
Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан
Республикасы Парламенті
Мәжілісінің отырысында
сөйлеген сөзінен**

ВНЕОЧЕРЕДНОЙ СЪЕЗД ПРАВЯЩЕЙ ПАРТИИ

Глава государства принял участие во внеочередном съезде правящей партии. В начале выступления Касым-Жомарт Токаев поздравил всех казахстанцев с Днем благодарности.

– Благодаря нашей солидарности мы защитили нашу государственность и целостность в трудные январские дни. Мы предотвратили угрозу нашей Независимости. Выражаю огромную благодарность всем соотечественникам, сумевшим сохранить наше единство в критический момент. Символично, что именно сегодня мы собрались, чтобы принять решения по модернизации организации. 1 марта – день образования партии. 23 года назад была основана ведущая политическая сила страны. Партия мобилизовала людей для достижения общей цели, получила поддержку избирателей, выступив со множеством нужными для общества инициатив, – сказал Президент.

Председатель партии подчеркнул, что, говоря о будущем партии, мы не должны забывать о ее реальных заслугах в прошлом, с благодарностью помнить труд всех преданных делу партии активистов. Глава государства сообщил, что страна приступила к выполнению огромной задачи по созданию Нового Казахстана. Предстоит очень важная работа, которая решит дальнейшую судьбу государства. Для этого необходимо определить новые цели и задачи, а партия власти должна быть катализатором всех реформ.

– Предложено изменить название политической организации на «Аманат». Не скрою, я тоже принимал участие в обсуждении этого вопроса. Было несколько пред-



ложений, включая «Аманат». Это сакральное понятие, имеющее особое значение для нашего народа и нашей нации. Наш суверенитет, наша страна и наше единство, наша необъятная земля – это наследие наших предков. Нам нужно сохранить эти священные ценности и передать их потомкам. Это продолжение традиций государственности, преемственность поколений. Наш народ никогда не предавал заветы. И партия придерживается этого принципа. В переводе слово «аманат» означает «завет предков» и «наказ будущим поколениям». Аманат – глубокое понятие, обладающее особым символизмом в истории и культуре нашего народа. Оно олицетворяет немеркнущие идеалы Независимости, ценности сильной государственности и общенационального единства, бескрайние просторы нашей Родины, которые завещали нам предки. Мы должны сохранить и укрепить это бесценное наследие. В этом заключается наш священный долг перед прошлыми и будущими поколениями. Поэтому я полностью поддерживаю официальное название нашей партии «Аманат», – заявил Касым-Жомарт Токаев.

ОБЛЫС ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ САПАРЫ

Астрахан ауданына жұмыс сапарымен Ақмола облысы әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары Әбдіхалықов Ғалымжан Кенжешұлы келді.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Ғалымжан Кенжешұлы аудан әкімі мен мемлекеттік, жеке меншік мекемелер басшылары мал өсіру бағдарламаларын жүзеге асыру, инвестициялық жобалар-



Сапар барысында 2022 жылғы көктемгі егіс жұмыстарына дайындық мәселесі бойынша кеңес өтті. Жұмыс кеңесіне ауылдық округ әкімдері, жауапкершілік шектеулі серіктестігі басшылары, шаруа-фермер қожалықтарының басшылары, ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарының басшылары қатысты.

ды іске қосу, көктемгі егіс жұмыстарына дайындық, жерлерді пайдалану және тағы да басқа мәселелер талқыланып, аудан басшылығына ауыл шаруашылықты дамытып, жоспарланған көрсеткіштерді орындау бойынша бірқатар тапсырмалар берілді.

Арман ЖАПАРОВ.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ ФЕСТИВАЛІ

1 наурыз – алыс айту күніне арналған Астрахан ауылының мәдениет үйінде «Бірлігі жарасқан» атты Қазақстан халқының салт-дәстүрлері фестивалі өтті. Негізгі мақсат – ұлттық құндылықтарды жаңғырту.



Фестиваль ерекше әңкүймен басталды. Ауданның шығармашылық ұжымдары көпшілікке салт-дәстүрлерді көрініс арқылы жеткізді. Қатысушылар қазақтың бесікке салу, сырға салу, өзбектің беташар, орыс ұлтының масленица, украин ұлтының Иван Купала, татар ұлтының ұлттық тәттілері секілді ұмыт бола бастаған мәдениеттерді қайта жаңғыртты.

Қазақ салт-дәстүрін зерттеушілер ұмыт болған салттардың қолданысқа қайта енуі екіталай дейді. Сондықтан сақталып қалған дәстүрді жоғалтып алмай, оны алдымен жастарға оқытып, бойларына сіңіру қажет. Ал та-



рих қойнауында қалған ескірген дәстүрлердің негізін сақтай отырып, заманауи үлгіге орай ұстанса, тез қолдау табады дейді зерттеушілер.

Арман ЖАПАРОВ.



ҚҰРМЕТТІ АСТРАХАНДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОНАҚТАРЫ!

Ағымдағы жылдың 5 наурызында сағат 11.00-де Астрахан аудандық мәдениет үйінде 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерттік бағдарлама өтеді. Баршаңызды мерекенің қонағы болуға шақырамыз!

УВАЖАЕМЫЕ АСТРАХАНЦЫ И ГОСТИ РАЙОНА!

5 марта текущего года в 11.00 часов в Астраханском районном Доме культуры состоится праздничная концертная программа, посвященная Международному женскому дню 8 марта. Приглашаем всех на праздничный концерт!

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ АСТРАХАН АУМАҚТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні, сағаты
1	Айшолпан Ниязқызы Елеупова	нотариус	09.03.22 15:00
2	Мейрам Қосманұлы Қожахмет	Астрахан ауданының мәслихат депутаты	10.03.22 10:00
3	Мейрам Қосманұлы Қожахмет	Астрахан ауданының мәслихат депутаты	Көшпелі қабылдау 16.03.22 15:00

ГРАФИК ПРИЕМА ГРАЖДАН АСТРАХАНСКОГО ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО ФИЛИАЛА ПАРТИИ «NUR OTAN» НА МАРТ МЕСЯЦ

№	Ф.И.О.	Должность	Дата и время приема
1	Елеупова Айшолпан Ниязовна	нотариус	09.03.22 15:00
2	Қожахмет Мейрам Қосманұлы	Депутат районного маслихата	10.03.22 10:00
3	Қожахмет Мейрам Қосманұлы	Депутат районного маслихата	Выездной прием 16.03.22 15:00

